«8D03107-Психология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Лимашева Ляззат Алимбековнаның «Ұялы байланысты шамадан тыс пайдалану жағдайында студенттердің стресс деңгейі мен резильенттілігін зерттеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	Лимашева Ляззат Алимбековнаның «Ұялы байланысты шамадан тыс пайдалану жағдайында студенттердің стресс деңгейі мен резильенттілігін зерттеу» атты диссертациялық жұмысы Қазақстандағы ғылымды дамытудың стратегиялық бағыттарына толық сәйкес келеді. Диссертация тақырыбы келесі тұжырымдама мен бағыттарға сәйкес келеді: 1. Қазақстан Республикасында тіл саясатын дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына. 2. Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылдың 8 қарашадағы №500 бұйрығы.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертациялық зерттеуден алынған нәтижелер Қазақстандық психология ғылымына қосар үлесі және маңыздылығы өте жоғары. Лимашева Ляззат Алимбековнаның зерттеу жұмысында әдіснамалық-теориялық негіздерін талдау толық қамтылған; зерттеуге негіз болған басты категориялар – стресс пен резильенттіліктің ұялы

			байланысты шамадан тыс пайдалану жағдайындағы өзара байланысын эмпирикалық зерттеу арқылы мақсатына сәйкес орындалған және жұмыстың маңыздылығы толық ашылған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Диссертациялық жұмыс мазмұны өзі жазу принципі бойынша жоғары деңгейде қамтамасыз етілген. Зерттеу өз беттілі дербес түрде орындалған, ғылыми тілдің жүйелі қолданылуы, теориялық ұғымдар мен әдіснамалық тәсілдердің сауатты берілуі, сондай-ақ дереккөздерге дұрыс сілтеме жасау автордың жеке ғылыми ойлау қабілетін және зерттеу мәдениетін айқын көрсетеді. Диссертацияда автор теориялық-әдіснамалық талдауларды шолудан бастап, эмпирикалық зерттеу дизайнын әзірлеуге, сауалнама арқылы деректер жинауға, оларды талдап, зерттеу нәтижелерінің дәлдігін және статистикалық мәнділігін бекітетін математикалық-статистикалық әдістер арқылы өңделіп, интерпрецияланып жоғарғы ғылыми деңгейде қорытындыланған әрі нақты орындалған. Жұмыстағы тұжырымдар мен қорытындылар дербес ғылыми талдауға негізделген және студенттердегі созылмалы стресті патогендік фактор және резильенттілікті қорғаныс факторы ретінде қарастыруы автордың зерттеушілік қабілетін, кәсіби сауаттылығы мен тәжірибесін көрсетеді. Диссертацияның құрылымында, ғылыми аппараты мен жаңашылдығында басқа авторлардың мәтіндерін көшіру белгілері байқалмайды, керісінше, зерттеушінің өзіндік ғылыми қолтаңбасы анық сезіледі.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық зерттеудің өзектілігінің дәлелі нақты негізделген. Әлемдік мәселелердің бірі болып отырған ұялы телефондарды қолдану, яғни цифрлық құрылғылардың ішіндегі ең көп тарғана әрі өміріміздің ажырамас бір

			қырына айналған бұл мәселені кеңінен және толығынан зерттелген диссертациялық жұмыстың өзектілігі өте жоғары, атап айтсам, ұялы телефондарды шамадан тыс пайдалану кезінде туындаған стресс деңгейінің артуы мен резильенттілік көрсеткіштерінің туындауы арасындағы байланыс көп зерттелмеген және қазақстандық психология мектебі үшін тың тақырыптың болуы да, зерттеу өзектілігін нақты бекітеді. Елімізде жастар арасында смартфонды шамадан тыс пайдалану әлдекайда жоғары екенін зерттеу барысында анықтай отырып, осы мәселені жан-жақты сипаттайтын ғылыми деңгейі жоғары эмпирикалық материалдар толық қамтылған. Жоғары оқу орнындағы оқыту процесінде ұялы телефонды пайдалануды реттеудің қажеттілігін негіздеу және студенттердің ұялы телефонды шамадан тыс пайдалануға бейім тұратын тәуекел топты эмпирикалық зерттеуі және оның нәтижелер жұмыс тақырыбының өзектілігін негіздей алады. Сондай-ақ, созылмалы стресстің, резильенттіліктіктің өзара байланысын, психикалық денсаулық мәселелерін кешенді қарастырды. Алынған нәтижелері ғылыми құндылыққа ие, әрі олар зерттеу мәселесі ретінде бекітілген және практикалық ұсыныстары да зерттеудің өзектілігін негіздейді.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертацияның мазмұны зерттеу тақырыбын толық айқындайды. Зерттеудің әрбір тарауы диссертация атауында көрсетілген бағытпен ішкі логикалық байланыста құрылып, жоғарғы оқу орнындағы оқыту процесінде студенттердің ұялы телефонды пайдалану шарттарын реттеу қажеттілігі мен ЖОО-да осы ережелердің әлеуметтік-педагогикалық практикаға енгізілуінің деңгейі мен қарқыны арасындағы байланыстарды орнатуға мүмкіндік береді.

		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Зерттеу жұмысының қойылған мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді, бұл зерттеу барысында алынған нәтижелердің дәлдігі мен сенімділігін растайды. Мұнда ұялы телефонды шамадан тыс қолдануға бейім келетін тәуекел топ студенттеріне арналған диагностиканы жасау үшін созылмалы стресс, резильенттілік және ұялы байланысты шамадан тыс пайдалану арасындағы өзара байланыстың сипатын табу басты мақсат болған. Бұл мақсатқа жету үшін Ляззат Алимбековна Лимашева теориялық және эмпирикалық бағыттарды өзара ажыратып, соның негізінде реттелген, бірізді төрт міндеттер қойған.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертация тақырыбы, ғылыми аппараты бөлімдер мен тармақтардың арасындағы байланыс жұмыс мазмұнының қатаң реттелгендігі нақты көрінеді. Зерттеу нәтижелері өзара байланысқан, ішкі бірлікке ие, дәйекті зерттеу көздерін қолдана отырып, өзі қол жеткізген ғылыми нәтижелерін толымды талдау диссертацияның мазмұнындағы нақты қисындылықты қамтамасыз етеді. Сондықтан Ляззат Лимашеваның диссертациялық зерттеуі ғылыми жұмыстың талаптарына сәйкес, біртұтас жүйені құрайды. Олай болса, диссертациялық зерттеудің барлық бөлімдері, тармақтары, жалпы құрылымы логикалық толық байланысқан.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Диссертант Қазақстанда оқып жатқан студенттердің ұялы байланысты шамадан тыс пайдалануы физикалық және психикалық денсаулығына кері салдарын тигізуі жайлы, атап айтқанда, ең алдымен өзін-өзі бақылауын жоғалту көрсеткіштері бойынша созылмалы стресс деңгейін және жағымсыз эмоциялық екпіні бар жағдайлардың болуын ескеру қажет екенін айқындаған. Бұл жағдайда жалғыздық сезімін бастан кешіру, нейротизмнің жоғары деңгейі, ізгіліктің, адалдықтың және экстраверсияның төмен

			деңгейі ұялы телефонды шамадан тыс пайдалануға бейімділіктің, тіпті студенттерде номофобияның қалыптасуына дейінгі маңызды патогенді болжаушылардың бірі болып табылатындығы жайлы алғаш рет бұл зерттеудің өзекті ғылыми мәселесі болып табылатындығы анықталған. Осыған байланысты диссертацияда: -кешенді түрде ұялы байланысты шамадан тыс пайдалану жағдайында студенттердегі стресс пен резильенттілік мәселесі, сондай-ақ жыныстық айырмашылықтар мен оқыту бейіні де жан-жақты зерттелген; -студенттердің стресс пен резильенттілік қабілеттін зерттеуде теориялық-әдіснамалық және эмпирикалық негіздері ұялы телефонды шамадан тыс пайдалану жағдайында жеке тұлғаның психологиясы, денсаулық психологиясы және тәуелділік мінез-құлық психологиясының ғылыми қағидаларының кең спектірі зерттелінген, студенттердің стресс пен резильенттілік ерекшеліктерінің мәнін аша отырып, олардың ұялы байланысты шамадан тыс пайдалану жағдайында қорғаушы немесе патогендік сипатқа ие екені көрсетілген; - ұялы телефонды шамадан тыс пайдалану жағдайында стресс ерекшеліктері мен студенттердің резильенттілігі жыныстық айырмашылықтар мен оқу бейіні ескеріле отырып құрылған; -зерттеудің алғашқы нәтижелері арқылы отандық және шетелдік әріптестердің назарын ұялы телефонды шамадан тыс пайдалану жағдайында білім алатын студенттердің мәселелерін зерттеуге ықпал беретіндігі көрсетілген. -зерттеуден алынған нәтижелер жас ұрпақтың денсаулығын сақтауға және білім беру үдерісінде ұялы телефонды пайдалану ережелеріне негізделе отырып, студенттердің оқу тиімділігін арттыруға ықпал ететін

			қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастырудағы маңыздылығы нақты айқындалған. Сондықтан Ляззат Лимашеваның диссертациялық зерттеуіндегі жаңалықтар, қағидаттар, әдістер негізделіп сыни талдау арқылы бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып мазмұндалған.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертанттың зерттеу ұстанымындағы жаңашылдық: 1. Зерттеу нәтижелерінің сенімділігі қазіргі жаңа заманауи психология ғылымының теориялық және әдістемелік негіздерін салыстыру мен талдау негізінде нақтыланды. 2. Зерттеу нәтижелерінің ғылымилығы Қазақстандық студенттердің стресі, резильенттілігі және ұялы байланысты шамадан тыс пайдалану арасындағы туындайтын байланысты шетелдік, ресейлік және қазақстандық психологиядағы зерттеулердің үлкен көлемі мен салыстырмалы және сыни талдауға байланысты талданды. 3. Қазақстандық студенттердің ұялы байланысты шамадан тыс пайдалану мәселесі бойынша созылмалы стресс пен резильенттілік мәселесі бұрын зерттелмеген жаңа нәтижелер алынды. 2. Зерттеу нәтижелерінің сенімділігі сапалық және математикалық-статистикалық талдау мен өңдеу нәтижелерімен, компьютерлік бағдарламаларды (SPSS) пайдалана отырып, зерттеу нәтижелерінің статистикалық мәнділігі мен дәлдігін анықтаумен расталады. 4. Ұялы байланысты шамадан тыс пайдалану, бұл жеке тұлғалық қасиеттермен, жалғыздық сезімін бастан кешірумен қатар созылмалы стресс пен резильенттілік деңгейлерімен байланысы айқындалады. Қазақстанда алғаш рет диссертациялық зерттеу аясында ұялы байланысты шамадан тыс пайдалану мен тәуелді мінез-құлық белгілері карастырылып, ең маңызды

			көрсеткіштерінің бірі ретінде резильенттілік (ағылшын. resilience) түсінігі талданып, резильенттілік, өмірге шыдамдылық және стреске төзімділік ұғымдары ажыратылады деп алынған зерттеу нәтижелері мен қағидаттары толығымен жаңа болып табылады.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертациясының қорытындылары теориялық негіздер мен кең ауқымды жүргізілген эмпирикалық зерттеуден алынған мәліметтердің негізінде алынған қорытындылары **толығымен жаңа** болып табылады. Зерттеу қорытындыларының жаңалығы келесі айтылған тұжырымдамалардан көрінеді: 1.Студенттердің ұялы телефонды шамадан тыс пайдалануы телефонды жоспарланғаннан да көп уақыт пайдалануға немесе жалпы алғанда телефонға көп уақыт жұмсауға, яғни төзімділік контекстінде ең үлкен әсер етеді. Бұл нәтиже резильенттілік пен ұялы телефонды шамадан тыс пайдалану кезінде өткізілген көп уақыт арасындағы қызықты аспектіні ашады, бұл байланыс жанама – төтеп беру қабілеті орташа деңгейде қалады, ал ұялы телефонды шамадан тыс пайдалану басқа да іс-әрекеттерге теріс әсер етеді, олар жоғары деңгейдегі резильенттілікті дамытуға мүмкіндік беретіндігі эмпирикалық деректер арқылы жүйелі сипатталды. 2. Резильенттілік деңгейі созылмалы стресске қарағанда ұялы телефонды шамадан тыс пайдалануға жанама түрде ғана әсер етеді, оның әсері бақылауды резильенттілік тұрғысынан, басқалар алдындағы міндеттемелерді орындамаудан, сондай-ақ ұялы телефонды шамадан тыс пайдалану салдары да басқа іс-әрекеттерге тікелей теріс әсер ететіндігі анықталды. Ұялы телефонды шамадан тыс пайдалану студенттердің өмірінің көптеген маңызды аспектілеріне, өзін-өзі бақылауға, басқа адамдармен қарым-қатынасқа, сондай-ақ

			басқа адамдарға қатысты міндеттемелеріне өте жағымсыз әсер ететіндігі көрсетілді.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	«Ұялы байланысты шамадан тыс пайдалану жағдайында студенттердің стресс деңгейі мен резильенттілігін зерттеу» атты диссератциялық жұмыста қойылған мақсат-міндеттер тікелей және мазмұнды сипатта жаңаша шешіммен байланыстырып жүзеге асырылған. Заманауи психологиялық зерттеулер техникалық, технологиялық, экономикалық және басқару шешімдерін енгізуді қажет етеді. Осыған байланысты диссертациялық жұмыста ұялы байланысты пайдалану кезіндегі туындайтын стресс пен резильенттілікті зерттеу мақсат етіп қойылған. Сондықтан диссертанттың жұмыстың тақырып өрісінде теориялық зерделеу арқылы жан -жақты талдаулар жасауы, экспериментті өткізуі және алынған нәтижелерді мазмұнды талдауы мен ұсынатын ұсыныстары толығымен жаңа мәліметтер болып табылады. Зерттеу жұмысы толығымен жаңа техникалық, технологиялық, экономикалық және басқару шешімдерін ықпалдастыра алған және диссертация мазмұнында ол толық негізделген.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертация мазмұнындағы әрбір бөлім, әрбір тармақтар бойынша алынған қорытындылар және жалпы қорытындылар зерттеу пәні мен нысанына, мақсат-міндеттеріне, қойылған жалпы және дербес болжамдарға, зерттеу әдістері мен әдістемелеріне қатысты нақты тұжырымдалған. Әрі диссертация мазмұны теориялық және эмпирикалық зерттеу бойынша келтірілген. Мұнда теориялық зерттеуде ауқымды ғылыми қор талданады. Эмпирикалық зерттеу нәтижелеріне сапалы-сндық талдау жасалып, алынған мәліметтердің статистикалық дәлдігі

			мен статистикалық мәнділігі арнайы математикалық-статистикалық әдістермен өңделіп, нақты дәлелдермен **негізделген**.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.	7.1 диссертант Лимашева Ляззат қорғауға бірқатар негіз қалаушы қағидаттарды тұжырымдап ұсынған. Жұмыстың тақырыбына байланысты диссертация мазмұнындағы бөлімдер мен тармақтарда олар арнайы қарастырылып, талданады. Ауқымды ғылыми ақпарат, эмпирикалық зерттеу мәліметтері арқылы әр қағидат негізделіп, тұжырымдалған. Осылайша қорғауға ұсынылатын қағидаттар дәйекті түрде дәлелденген. 7.2 Қорғауға ұсынылған әр қағидатқа өзіндік түпнұсқалық, бірегей жаңашылдық тән. Сондықтан қорғауға ұсынылатын қағидаттар тривиалды бола алмайды. 7.3 Осы кезге дейін психология ғылымдарында ұялы байланысты шамадан тыс пайдалану жағдайында студенттердің стресс пен резильенттілігінің байланысын зерттеп, оны эмпирикалық жолмен тексеріп, дәлелдеу бойынша ғылыми нәтижелер алынып, қағидаттар тұжырымдалмаған. Сондықтан қорғауға ұсынылған қағидаттар жаңа болып саналады. 7.4 Тұжырымдалған қағидаттарда стресс, резильенттілік және ұялы телефонды шамадан тыс пайдалануға Қазақстандық студенттердің бейімділігі бойынша анықталған тәуекел тобының ерекшеліктері және оқу процесінде ұялы телефонды пайдалануды реттеу бойынша ұсыныстарды негіздеу үшін созылмалы стресс пен резильенттіліктің рөлі анықталған.

		7.5 Мақалада дәлелденген бе?	Сондықтан диссертациялық зерттеу бойынша негізделген қағидаттарды кеңінен қолдануға болады. 7.5 Диссертациялық жұмыстың барлық қорытындылары ғылыми тұрғыдан алғанда ауқымды дәлелдемелерде негізделіп, диссертант негізгі нәтижелерін 15 мақалада жариялаған. Мақалаларда диссертант зерттеу нәтижелерін баяндап, қағидаттар дәлелденген. Диссертант тұжырымдаған барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан ауқымды дәлелдемелер арқылы негізделген.
		1) ия;	
		2) жоқ	
		3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Әдістемелерді таңдауы негізделген, әдістемелер жеткілікті деңгейде нақты сипатталған. және әдіснама нақты жазылған. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі сақталған Зерттеу жұмысының мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес зерттеудің теориялық және эксперименттік әдістері, сондай-ақ эмпирикалық зерттеу мәліметтерін математикалық-статистикалық өңдеу әдістері арқылы өңделген статистикалық дәлдігі мен мәнділігі оңтайлы үйлесімін тапқан.
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы алынған: 1) жұмыста психология ғылымының қазіргі заманауи жаңа әдістерін, математикалық-статистикалық өңдеу әдістерін пайдалана отырып алынған нәтижелер нақты тұжырымдалған; 2) Зерттеудің эмпирикалық сатысында жалпы гипотезаны бекіту үшін тұжырымдалған төрт жеке гипотезалар негізінде алынған зерттеу нәтижелері Манна-Уитни, Крускалл–Уоллис статистикалық критерийлері, Спирменнің корреляциялық анализ, факторлық анализ арқылы математикалық-статистикалық әдістермен өңделген.
		1) ия;	
		2) жоқ.	

		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Диссертация жұмысының нәтижелері бірнеше теориялық қорытындылармен және жасалынған модельдермен өзара байланыста анықталған, сонымен қатар компьютерлік SPSS бағдарламасын қолдану арқылы жаңа заманауи бағыттағы деректерді өңдеу әдістері мен интерпретациялаудың жаңаша тәсілдерін пайдаланған. Зерттеу барысында бақылау, тест, сауалнамалар, анкеталар қолданылып пайдаланған және нақты эмпирикалық зерттеу жүзеге асырылған.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Диссертант өз зерттеуі бойынша қорытқан маңызды тұжырымдары, ғылыми нәтижелері, маңызды қағидаттық мәлімдемелері отандық және шетелдік, классикалық және заманауи ғылыми-психологиялық әдебиеттерге жасалған сілтемелермен расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі 262 дереккөзді құрайды. Бұл зерттеу тақырыбына сәйкес тың, жаңа ғылыми нәтижелер алуға және ғылыми қағидаттарды тұжырымдап, негіздеуге жеткілікті.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	Диссертациялық жұмыста алынған ғылыми нәтижелер, тұжырымдалған қағидаттар мен қорытындылар: 1) Диссертацияның теориялық бөлімнің маңызды көрсеткіштері ретінде ұялы телефонды шамадан тыс немесе проблемалы пайдалану феноменіне қатысты шетелдік және отандық зерттеулерге кең теориялық шолулар жасалған. Цифрландыру жағдайында студенттердің психологиялық тұрақтылығын арттыру мен стрессті азайту мәселесін қарастырған теориялық талдаулардың маңыздылығы терең, әрі ғылыми деңгейі де жоғары болып табылады. 2) Студенттердегі созылмалы стресті, резильенттілік деңгейін, әлеуметтік-психологиялық және жеке тұлғалық
		1) бар;	
		2) жоқ.	

			ерекшеліктерін ескере отырып, ұялы телефонды шамадан тыс пайдалануды ерте диагностикалаудың кешенді модельдерін әзірлеудің теориялық негізін құрды.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	Диссертацияның практикалық маңыздылығы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1. Жоғары оқу орындарының психологиялық қызметі, оқу топтарының эдвайзерлері осы нәтижелерді студенттердің смартфонға тәуелділігінің алдын алуға бағытталған іс-шараларды әзірлеу мен өткізуде негізге ала отырып өз жұмыстарында пайдалана алады деп көрсетеді. 2. Диссертациялық зерттеу аясында сауалнама әзірленіп, студенттердің ұялы телефонды шамадан тыс қолдануының әртүрлі аспектілерін анықтауға мүмкіндік беретін жаңа психологиялық диагностикалық әдістемелер орыс және қазақ тілдерінде аударылып, жүргізілген. Диссертацияның практикалық маңыздылығы айқын және алынған ғылыми нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Диссертациялық жұмыстың практикалық ұсыныстары толығымен жаңа болып табылады.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы:	Диссертация академиялық жазу нормаларына толығымен сай келеді. Мәтінде грамматикалық немесе стилистикалық қателер байқалмайды. Тұжырымдар нақты әрі негізделген түрде баяндалған. Терминология ғылыми дәлдікпен таңдалып, бірізді қолданылады. Теория мен тәжірибе арасындағы байланыс сәтті құрылған, сілтемелер мен дереккөздер жүйелі және талапқа сай рәсімделген. Жазу мәнері эмоциялық бейтарап, аналитикалық тұрғыдан жақсы құрылымдалған. Бұл көрсеткіштер диссертация авторының ғылыми жазу мәдениетіне жоғары деңгейде меңгергенін айғақтайды.
		1) жоғары;	
		2) орташа;	
		3) орташадан төмен;	
		4) төмен.	

11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертант Ляззат Лимашеваның диссертациясы барлық талапқа сәйкес орындалған, толық аяқталған, өзбеттілі ғылыми зерттеу жұмысы ретінде оң бағаланады. Дегенменде, диссертациялық жұмысқа қатысты бірқатар ескертулер бар: 1. Ғылыми әдебиеттерге талдау жасау барысында жалғыздық сезімін бастан кешіру, мінез-құлықтың бұзылыстары мен тәуелді мінез-құлықтың маңызды факторы ретінде көп қарастырылған, ал сіздің жұмыста бұл мәселе теориялық талдаудан гөрі практикалық бөлімде көп қарастырылған осы мәселеге теориялық бөлімде де, көбірек назар аударған жөн болар еді. 2. Ұялы телефонды шамадан тыс пайдалану мәселесінде Қазақстандықтардың ұлттық ерекшеліктерін ескеріп зерттеу жұмыстың құндылығын артырар еді. 3. Бұл жұмыста ұялы телефонды шамадан тыс пайдалану ұғымы ең негізгі басты түсінік болып табылады, бірқатар теорияларда смартфоннан тәуелділік ұғымы көптеп қарастырылған, осы ұғым шамадан тыс пайдалану түсінігімен арақатыстырылып көбірек талдау жасалса, екі ұғымның айырмашылығы немесе өзіндік ерекшеліктері нақтылана түсер еді.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Лимашева Ляззат Алимбекқызының диссертациялық жұмысы бойынша жарияланған ғылыми мақалалар саны жеткілікті және тақырыппен толық үйлеседі. Жарияланымдар халықаралық және отандық ғылыми қауымдастыққа арналған беделді басылымдарда жарық көрген, оның ішінде Scopus және Web of Science дерекқорларындағы журналдар бар. Сонымен қатар, Қазақстандағы БҒМ ұсынған журналдар мен халықаралық конференция жинақтарында нәтижелер жүйелі түрде жарияланған. Мақалалардың ғылыми деңгейі жоғары, олар диссертацияның теориялық қағидаттарын, әдіснамалық

			негіздерін және эмпирикалық нәтижелерін айқын дәлелдейді.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Лимашева Ляззат Алимбекқызының «Ұялы байланысты шамадан тыс пайдалану жағдайында студенттердің стресс деңгейі мен резильенттілігін зерттеу» атты диссертациялық жұмысы мазмұны бойынша тақырыптың өзектілігін, теориялық және практикалық маңыздылығын толық ашқан. Зерттеу сапалы әдістемелік негізге сүйеніп жүргізілген, алынған нәтижелер нақты, ғылыми тұрғыда негізделген және қолданбалы сипатқа ие. Ізденуші студенттердің ұялы телефонды шамадан тыс пайдалану құбылысының психологиялық табиғатын, созылмалы стресс деңгейінің мінез-құлықтық және эмоциялық көріністерін, сондай-ақ резильенттіліктің реттеуші ерекшелігін терең талдаған. Зерттеу барысында ұялы телефонды шамадан тыс пайдалануда туындайтын қауіп факторлары айқындалып, студенттердің стрессін төмендету мен резильенттілігін арттыруға бағытталған ғылыми негізделген жаңа ұсыныстар берілген. Автор ұсынған қағидалар мен тұжырымдар ғылыми жаңалыққа ие және практикада қолдануға лайық. Ізденушінің жариялаған ғылыми мақалалары диссертациялық зерттеу тақырыбымен тікелей байланысты, жоғары ғылыми деңгейде жазылған және беделді сараптамалық басылымдарда жарық көрген. Осыған байланысты, Лимашева Ляззат Алимбековнаның диссертациялық жұмысы мазмұны, құрылымы, әдіснамасы мен ғылыми жаңалығы тұрғысынан «8D03107-Психология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді.

Ресми рецензенттер пікірлерінде келесі шешімдердің бірін көрсетеді:

Алайда бұл ескертулер диссертациялық зерттеудің теориялық және практикалық маңызының, ғылыми жаңалықтарының, ғылыми тұжырымдардың мәнділігін кемітпейді. Сондықтан «8D03107-Психология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Ұялы байланысты шамадан тыс пайдалану жағдайында студенттердің стресс деңгейі мен резильенттілігін зерттеу» тақырыбындағы диссертация толымды зерттелген, аяқталған ғылыми жұмыс болғандықтан, оның авторы – Лимашева Ляззат Алимбековна философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайықты деп есептеймін.

Ресми рецензент:

Тұран университеті
Жоғары мектеп психологиясының профессоры,
психология ғылымдарының докторы **Сангилбаев Ө.С.**

Қазақстан Республикасы Алматы қаласы "Тұран" университеті ҚЕҢСЕ

Растаймын. «Тұран» университетінің ҚҚБ басшысы

«__» _____ ж.